



Автор: Палашова Алия

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Сиқырлы дәрі жасаймын. Жұрнақ пен жалғау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты өзара сұхбаттасу
Сабақтың мақсаты:	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты өзара сұхбаттасу
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: Денсаулық, күн тәртібі, сиқырлы дәрі Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған сұрақтар: -Жұмбақшал не деп жауап берді деп ойлайсыңдар? Неліктен? -Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығына қандай әсері бар деп ойлайсыңдар? -Қазір өздеріңнің су, жер, ауа, күн туралы айтқан пікірлеріңді, келтірген дәлелдеріңді «Сиқырлы дәрілер» деп атауға бола ма? Неліктен? -«Денсаулық» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер? -Суретте ренжіген балалардың қайсысын қалай жұбатар едің?
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы жаңа тақырыпты толық меңгеруі
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, ноутбук.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану
Бастапқы білім:	Жұрнақ пен жалғау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (10мин)</p>	<p>I . Сиқырлы сөздер Балалар бір-біріне жылы/сиқырлы сөздер айтады. Ықтимал сөздер: Сен өте ақылдысың, сен мейірімдісің, сен бауырмалсың, сен адамгершілігі мол жансың, сен нағыз доссың, сенің әділдігің маған ұнайды т.б.</p> <p>II. Ширату</p> <ol style="list-style-type: none">1.Дыбысты белгілейтін таңба2. Санды белгілейтін таңба3. Өткен күн4. Тарихи кезең, заман5. Патриот6. Жердің ауа қабаты7. Жердің серігі8. Мимика9. Нан пісіру үшін иленген ұн10. Сөзге шебер, тілге жүйрік адам11. Күйші сөзінің түбірі, қосымшасы12. «Алыс» сөзіне мағынасы жуық сөздер <p>III. Үй тапсырмасы</p> <p>76-жаттығу. Спорт жарысы туралы жазылған хабарламада қай сөз көп қайталанды?</p> <p>Оны керекті сөздермен алмастырып, жаз. Оқушылар арасында спорт түрлерімен жарыс ұйымдастырылды. Біздің сыныптан Арнұр, Салтанаттар қатысты. Олар секіру, жүгіруден бірінші болды. Жарыс көңілді өтті. (көп қайталанған сөз «болды»)</p>	
----------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы
(25мин)

I. Тыңдалым Кәне балалар бүгінгі сабағымызды Қосымша атайдың немерелеріне көмектесуден бастайық. Қосымша атайдың Жұрнақ, Жалғау деген екі немересі болыпты. Олар бірге ағаш жарып, бірге су тасып, тату өмір сүріпті. Бір күні олардың үйіне атасының досы Түбір атай қонаққа келіпті. Балалар Түбір атайды өте жақсы көретін. Атасы немерелерін орманнан жидек теріп келуге жұмсапты. Бірақ олардың барғысы келмепті. Сонда атасы оларға кім бұрын жидек теріп келсе, сол Түбір атайдың қасында қалатынын айтты. -Балалар, Түбір атайдың қасында Жұрнаққалды ма, әлде Жалғау қалды ма қалай ойлайсыңдар? Неліктен?

II. Оқылым Оқулықпен жұмыс. 77-жаттығу. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдыңне дегенін болжап айт. а) Мәтінді оқиды ә) Жұмбақшалдың не дегенінболжап айтады б) Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды.

III. «Топтық тергеу» топтық жұмыс. Тапсырмаларды таңдап алады.


1-топ. Жер
2-топ. Күн
3-топ. Ауа
4-топ. Судың адам денсаулығына әсері туралы талқылайды жәнеқорғайды. Комментарий айтады.

-Қазір өздеріңнің су, жер, ауа, күн туралы айтқан пікірлеріңді, келтірген дәлелдеріңді «Сиқырлы дәрілер» деп атауға бола ма? Неліктен?
Түйінді сөз: Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығы үшін маңызы зор. Адам спортпен шұғылданып, суға щомылып, күнге қыздырынып, пайдалы тағамдарды қолданып жүрсе денсаулығы мықты болады.


IV. Жазылым Дәптермен жұмыс 78-жаттығу. Өлеңді қатесіз көшіріп жаз. 80- жаттығу. Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өзгертіп жаз. (интерактивті тақтада да орындалады)

V. Шығармашылық жұмыс Суреттерді боя. Сөздерді тиісті үйшікке кіргіз Саралау тапсырмалары 1-тапсырма . Қай ара қай гүлге қонатынын


мәңгермен көрсет.
Сөздерді сөз құрамына талда. Б.ғалау критерии
- сөз құрамына талдайды;




жұмыс





қа



өнер



шы



қа

Сабақтың соңы (2мин)	33-бет 79-жаттығу	
Рефлексия (3мин)	<p style="text-align: center;">«Рефлексиялық шеңбер»</p> Сабақ барысында көңіл-күйің қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдің? Сен үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңды қалай бағалайсың? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Сабақ аяқталғанда көңіл-күйің қандай? Неліктен Балалар үлкен шеңберге тұрады. Мұғалім А,В,С және басқа да білім алушылардан сұрақтарға жауап алады, қажет деген жерін түртіп алады.	